



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. <http://mic.gov.kz/kk/pages/cifryk-kazakstan-memlekettik-bagdarlamasy>
2. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1300000464>
3. <https://tim4ous.com/10-samyih-tehnologicheski-razvityih-stran-mira/>
4. http://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-nnazarbaevtyyn-kazakstan-halkyna-zholdauy-2017-zhylgy-31-kantar
5. <http://www.dalanews.kz/32669>

ӘОЖ 00327.32.019.5

АРАБ КӨКТЕМІНДЕГІ АҚПАРАТТЫҚ СОҒЫСТЫҢ РӨЛІ

Байкенжеев Муслим Даудович

muslim.b94@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университеті, халықаралық қатынастар факультетінің магистранты

Ғылыми жетекші - Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ доценті, т.ғ.к. А.А.Турунтаева

Қазіргі таңда ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың қарқынды дамуына және жаһандық әлеуметтік желілердің кең қолданылуына байланысты әлем үлкен өзгерістерді өткізуде. Қоғамның ақпараттандырылу үдерістері биліктің құрылымы мен технологияларын өзгертіп, ықпал ету тетіктерін ақпарат көздері мен ағындарын басқарушылардың пайдасына шешуде. Ақпарат мәселесі қазіргі халықаралық қатынастарда басым рөлге ие болуда, сол себепті ақпарат мәселесін әлемдегі әлеуметтік өзгерістерді анықтайтын факторлар қатарына қосуға болады. Саясаткерлер мен халықаралық ұйымдармен басқарылатын ақпараттық қоғамның мүмкіндіктері үнемі дәл болжам жасауға келмейді. Осыған байланысты интернет кеңістік халықаралық қатынастарда негізгі акторға айналуға, сонымен қатар ақпараттық тұрғыда қоғам тұрақтығын жоғалтады. Қазіргі таңда белгілі бір мемлекет қоғамының көзқарасын өзгертумен шектелмей мемлекеттік төңкеріс ұйымдастыруға болады. Оның үстіне ұйымдастырушының тікелей қатысуы міндетті емес, мемлекеттік төңкерістер қазіргі кезде әлеуметтік желілерде ақпарат тарату мезанизмдері арқылы қашықтықта іске асырылады. Әлеуметтік желілер саяси дағдарыс кездерінде қоғам санасына елеулі әсер етеді, әсіресе соның ішінде «Араб көктемін» атап өткен жөн. Араб көктемінде көтерілісшілер өз жақтастарын тарту мақсатында мобильді телефондар мен жаңа интернет бағдарламалық кеңінен қолданды.

Көтерілістердің басталуына араб әлеміндегі көптеген саяси-әлеуметтік мәселелердің шешілмеуі түрткі болды. Атап айтсақ, жұмыссыздық, өмір сүру деңгейінің төмендеуі, жастардың болашағы болмауы, биліктің тоқырауы, коррупция, демократиялық құндылықтардың тапталуы мәселелері.

Насихат, психологиялық соғыс шиеленістерде маңызды рөлге ие. Осы орайда Араб көктемінің басталуына спутниктік телевидение өз үлесін қосты. Араб халқы телебағдарламалар арқылы өз санасына батыс мемлекеттерінің салтанатты өмір салты түсініктерін сіңдіре бастады. Миллиондаған араб жастары өз өмір деңгейлерін батыс өмірімен салыстырып, көкейлеріндегі көптеген сұрақтарға жауап іздеді. Осы орайда көтерілісшілерге оң көзқарас тудырып, өз хабарын ағылшын және араб тілдерінде таратқан Аль-Джазира телеарнасының рөлі өте жоғары болды. Аль-Джазира араб әлемінде де, батыс әлемінде де Араб көктемі жайлы басты ақпарат көзіне айналды. Телевидениенің нәтижелілігі оның кең таралуымен, аудитория санасына бейнелерді мәжбүрлі түрде сіңдіріп, сан алуан ақпарат ағындарының астында адамға ақпаратты талдауға мүмкіндік бермеуімен сипатталады. Осыған байланысты Бамберг университетінің профессоры А.Юнгердің келесідей ойымен келісуге болады: «әлеуметтік желілер халықты көтеріліске жұмылдырып көшеге шығарса, ал революцияның негізгі қозғаушы күші ретінде спутниктік

телебағдарламалар болды»[1].

Интернет желісі көтерілістерде маңызды рөл атқарды, бірақ оның рөлі абсолютті болған жоқ. Себебі араб мемлекеттердің интернетпен қамтылуы өте төмен болып келеді. Египетте халық арасында интернеттің таралуы 24%, ал Ливида 6%, ал АҚШ-та болса, ол көрсеткіш 81% құрайды. Таяу Шығыс пен Солтүстік Африкада интернет желісін көбіне жас буын, саяси, іскери және мәдени салалардағы адамдар ғана қолданады.

Интернет желісі бірнеше функцияларды атқарады. Біріншіден, көтерілістердің түрі, оның өрбуі жөнінде халыққа ақпарат беріп, мемлекеттік насихатқа қарсы тұруға мүмкіндік береді. Бірақ сонымен қатар фактілерді бұрмалауға кең мүмкіндіктер ашылады. Екіншіден, интернет желісі көтерілістерді ұйымдастыру мақсатында оның қашан және қайда өтетіні, бағыт-бағдары, полициямен шиеленіске түсуге дайын болу, не болмауы жөнінде ақпарат бере алады. Мысалы, Ирандағы Ислам революциясында мұндай ақпарат тек телефон арқылы ғана берілді. Бірақ қазір интернет желісі ақпараттың тез таралып, көтерілістердің кең етек алуына мүмкіндік берді. Тунисте көтеріліс белсенділері 2011 жылдың 19 қаңтарында әлеуметтік желілер арқылы 35 мың жақтастарын жинай алды, ал Каирде көтеріліс алаңына он мың адам шыққанда, ұйымдастырушылар көтерілісшілер санының көптігінен таңданды [2, 153-6].

Жалған ақпарат тарату ақпараттық-психологиялық соғыста маңызды құрал болып саналады. Араб революциясында жалған ақпарат тарату үлкен өріс алды. Мысалы, көтерілістердің сипаты, орны жөнінде, бейбіт демонстрациялардың билікпен қанды жолмен басылуы, көтерілісшілердің белгілі бір пункт, елді-мекен, қаланы басып алуы, мемлекеттік әскердің көтерілісшілер қатарына қосылуы, диктатордың мемлекеттен кетуі туралы жалған ақпараттар таралу. Өмірде жоқ, жалған тұлғалар құрастырылып, оларға байланысты мемлекеттік режим қанды жаза қолданды деген қауесеттер таралды. Мысал ретінде Сириялық билікпен блоггер Амина Аррафтың ұрлануын айтуға болады [3, 202-6]. Теледидар және интернет арқылы көптеген инсценировкалар таралды. Мысалы, 2011 жылдың 21 тамызда көтерілісшілер Триполиді басып алып, Жасыл алаңда шаттанған бұқараның көрсетілуі. Алайда қаланың орталығы, оның ішінде Жасыл алаң да тіпті 24 тамызға дейін мемлекеттік әскердің бақылауында болды. Ал Аль-Джазира және басқа да телеарналар ливиялық авиация бейбіт демонстрацияны атқылап, нәтижесінде Киренаикиде 6 мың азамат қаза болуы жөнінде ақпарат таратты. Кейін ливиялық авиацияның ешқандай соққы жасамағаны және шиеленіс құрбандарының саны 200 адам болғаны дәлелденді. 2012 жылы тамыз айында БАҚ Сирия вице-президенті Фарук Шараның Иорданияға қашуы туралы жалған таратты. Мұндай шынайы жағдайды бұрмалап, жалған ақпарат тарату халықтың мемлекеттік билікке деген сенімін жойып, мемлекеттік құрылымдардың, күштердің рухын төмендетеді.

Wikileaks-тың негізін салушы Джулиан Ассанж RT.com сайтына берген сұхбатында «Фэйсбукты үлкен тыңшы құрал» деп атады [4]. Сонымен қатар Google, Twitter және Yahoo желілері де тыңшылық мақсаттарда қолданылады. Араб көктемі қарсаңында Твиттер желісінің араб мемлекеттерінде танымалдылығы арта бастады. 2010 жылдың қазан айында Араб әлемінде Твиттер желісінде күніне 99 мың твит болса, ал революция қарсынында 2 миллионнан аса твит болды. Әлеуметтік желілерге мониторинг жасаушы Semicast бағдарламасы әлеуметтік желілерде кең тараған тілдер тізімін жасады. Мұнда араб тілі сегізінші орында болды. Әлеуметтік желілердің маңызы көтеріліс белсенділерін байланыстыруымен, олардың көзқарастарын тезарада таратуымен, тез шешім қабылдауымен сипатталады. 2011 жылдың жағдайы бойынша Фэйсбук желісінде 800 миллион аккаунт тіркелді. Оның ішінде 7 миллион аккаунт Египетте, ал Тунисте халықтың 1/5 бөлігі, Ливияда болса, 50 мың аккаунт тіркелді.

Тунисте Бен Али режимі кезінде оппозиция басылып, БАҚ барлық түрлеріне қатаң цензура орнатылды. Youtube, Flickr және басқа да блогтық желілерге тыйым салынып отырды. Бірақ оған қарамастан интернет белсенділері цензурадан айналып отырды. Мемлекет тарапы белсенді блоггерлар сынға алынып, олардың аккаунттары бұзылып,

материалдарын жойып тұрды. Сонымен қатар блоггерларға ашық түрде қоқан-лоқы көрсетіліп, билікті сынға алу қатаң жазаға және бас бостандығынан айырылуына әкелетіні айтылды. 2010 жылдың қараша айында Wikileaks сайты АҚШ Дипломатиялық қызметінің басқа мемлекеттердің елшіліктеріне жіберген телеграммалары жарыққа шықты [5, 20-6]. Ол тізімде Тунис мемлекеті де болды. Телеграммадағы хабарлар Тунис режиміндегі бірнеше қоғамның наразылығын тудырған фактілер болды. Осы оқиғадан кейін Фэйсбук желісінде тунистік қолданушылар көбейе бастады.

Египетте ақпараттық-коммуникативтік технологиялар революцияға дейін де, кейін де маңызды рөлде болды. Египет халқы қоғамдағы көтеріліс, митингілерді ұйымдастыруда және олар жөнінде шет мемлекеттерді хабардар ету мақсатында әлеусеттік желілерді қолданып тұрды. Мемлекет әлеуметтік желілердің мүмкіндіктеріне дұрыс баға бермеген көрінеді, себебі керісінше жағдайда көтерілісшілер қозғалысын ерте басып, олардың сыртпен байланысын үзіп, ақпараттық технологияларға шек қоюға болар еді. Египетте Фэйсбук, Твиттер және басқа да әлеуметтік желілер басқа араб мемлекеттерімен салыстырғанда әлдеқайда еркіндікте болды. Осының нәтижесінде белсенді интернет қолданушылар бұқараны тезарада жұмылдырып, революция оңай басталды. Ал үкімет интернет желісіне шекті тек революция қарсаңында ғана қоя бастады, бірақ бұл өте болды, Египет үкіметі әлеуметтік желілердің мүмкіндіктерін кеш түсінген болар.

Революцияға дейін Ливияда БАҚ цензура айтарлықтай қатаң болған жоқ. Оның орнына Ливия үкіметі қатаң бақылау және қоқан-лоқы көрсетіп, бұқара цензураны бұзбайды деп санады. Көптеген пайдаланушылар интернет кафелерде қатаң бақылауға алынып, интернет желісін қолдану үшін жеке бас мәліметтерін қалдыруын мәжбүрлейтін заңға тап болды. Сонымен қатар Thales, Amesys, ZTE құпия бақылау жүйелері құрылып, интернет желісіндегі барлық электронды хаттар, вэб парақшаларды қарау, дыбыстардың жіберілуі секілді іс-әрекеттер бақыланып тұрды. 2011 жылы 28 қаңтарда Фэйсбук желісінде ливиялықтарға 17 ақпан күні демонстрацияға шығу туралы ақпарат тарайды. Келесі апталарда демонстрацияның жақтастары өсе бастайды. 13 ақпан күні Муаммар Каддафи Фэйсбук желісін қолданбау жөнінде халық алдында ескерту жасайды. Сол күні көптеген интернет белсенділері қамауға алынады. Бірақ 15-16 ақпанда Ливияда толқулар басталады. 17 ақпанда Аль-Джазира телеарнасы өзінің бағдарламаларының Ливия телеарналарынан жойылғанын хабарлайды. 18 ақпанда Ливия үкіметі мемлекет деңгейінде интернет желісін сөндіреді. Сонымен қатар Ливия үкіметімен электронды соғыс технологиялары қолданылады, яғни спутниктік байланыс жасаушы Nilesat және Arabsat құрылғыларына кедергі жасалынады. Аль-Джазира кедергі көзі мемлекеттік объект болғанын алға тартып, электронды соғыс технологияларын қолдану жөнінде Ливия үкіметіне айып тағады. Көтерілісшілер революция барысында арнайы телефондар қолданды, жоспарлау және логистикаға Фэйсбук, Скайп желілерін, үгіт-насихатқа Твиттер желісін қолданды. Алайда желі хабарлары шифрленбеген болды, яғни кей жағдайда қауіпсіздік жүйесінен өте алмады. Бірақ интернет желісіне шек қойғанымен, спутниктік байланысқа кедергі жасағанымен Ливия үкіметі көтерілісшілерді толыққанды бақылай алмады.

Сириялық интернет желісі революцияға дейін де қатаң цензураға алынатын. 2006 жылдан бастап Сирия үзіліссіз «шексіз репортерлардың» «интернет жауы» тізімінде келе жатыр [6]. Қатаң цензурамен қатар Сирия үкіметі Ливия секілді бұқараның цензураны өзі орнатуына себепші болып тұрды. Мысалы, үкіметке қарсы немесе көтеріліске итермелейтін ақпаратты жария етуге заң жүзінде тыйым салу. Интернет желісін онлайн бақылау, қатаң цензура, диссиденттер мен белсенділерді қудалау мәселелерін ескере отырып, журналисттерді қорғау комитеті өзінің 2009 жылғы арнайы баяндамасында Сирияны блоггерлық іс-әрекеті үшін ең жаман үшінші мемлекет атанды. Алайда Араб көктемі қарсаңында Сирия үкіметі интернет желісіне шектеуді жеңілдетіп, Youtube және Facebook желілеріне рұқсат береді. Сирия үкіметі бұл қадамға көтерілісшілер мен белсенділердің іс-әрекеттерін бақылау үшін барды делінеді. Кейін көтеріліс барысында, 3 маусымда үкімет интернет желісін толығымен үзеді. Бірақ бұл қадам Сирия үшін жемісті болмады. Қазіргі

таңда Сирияда Араб көктемі азаматтық соғысқа ұласып кетті.

Кейбір БАҚ әлеуметтік желілер Батыс мемлекеттерінің меркантильді пиғылымен қызмет етті деседі, яғни революциялардың провокативті сипаты болып, кей мемлекеттерде көтеріліс қажеттілігінің болмағанын да алға тартады. Сонымен қатар кей БАҚ айтуынша Араб революциясы бірінші твиттерлік революция болып, оқиғалар тек интернет желісінің көмегімен ғана басталды делінеді. Бірақ насихат та революциялық көтерілістерде маңызды рөл атқарып, катализатор болып келеді. Алайда Араб әлемінде революциялық жағдай тек насихат пен әлеуметтік желілердің ғана көмегімен басталған жоқ, көтеріліс объективті себептерге байланысты басталды, яғни қатаң диктаторлық режим, сөз бостандығының болмауы және басқа да әлеуметтік-экономикалық мәселелер. Ал көтерілістердің жаппай өрбуі интернет желісіз де басталуы әбден мүмкін еді. Ол тек уақыттың еншісінде болды. Насихат пен интернет желісінің рөлдері революциялық қозғалыстың басталуына жеңілдік пен шапшандық берді десе болады. Қорыта айтқанда Араб көктемі Таяу Шығыстағы диктаторлық режимдердің құлауына әкелді. Facebook, Twitter, Youtube секілді әлеуметтік желілердің көмегі сөзсіз тиді. Себебі көтеріліс қатысушылары өзара ақпаратпен алмасып, араб әлеміндегі жағдайды халықаралық қауымдастыққа жеткізіп, өз назарына қаратты. Әлеуметтік желілерде Сирия секілді мемлекеттің қаналған халқын бейжай көру мүмкін емес. Әрине, бұл адамның эмоцияларын тудырады. Осы орайда әлеуметтік желілердің рөлін мойындамауға келмейді. Араб революциясы әр мемлекетте әркелкі өтті. Тунис президенті Бен Али көтеріліс басталған соң бірнеше аптадан кейін биліктен кетті, ал Египетте Хосни Мубарак көтерілістен кейін 18 күн өткен соң биліктен бас тартты. Тунис пен Египетте революция жеңіл және қансыз өтті десе болады. Себебі мұнда интернет желісі және демократиялық құндылықтар басқа араб мемлекеттерімен салыстырғанда біршама жақсы жағдайда болды. Осы екі мемлекет әлдеқайда тұрақты даму жолына шықты. Ал Ливияда көтерілісшілер мемлекеттік билік тарапынан қанды күшке тап болды. Муаммар Каддафи қаза болса да, революция азаматтық соғысқа ұласып, мемлекетте тұрақтылық орнатылмады. Сирия мемлекетінде де ұқсас жағдай орын алды. Революциялық қозғалыс мемлекеттік әскермен соқтығысып, көптеген адам қаза болды. Башар Асад Хосни Мубарак пен Бен Али гөрі көтерілістерге қарсы дайын болды және оның режимі қатаңдау келді. Башар Асадтың биліктен кетпеу себептерінің бірі осы. Сонымен қатар Сирияда шетел журналистеріне шектеу қойылды. Сириядағы революция азамат соғысына ұласып, қазіргі таңда терроризм мәселесімен ұштасып, мемлекетте тұрақсыздық орын алды. Әрине, Араб көктемі осы аталған мемлекеттер де ғана орын алған жоқ. Марокко, Бахрейн, Кувейт, Сауд Арабиясы, Алжир, Ирак, Йемен, Судан, Оман мемлекеттерінде де әртүрлі деңгейде көтерілістер өтті. Бірақ кей мемлекеттерде көтеріліс қатаң басылды, кей мемлекеттер заңнамасына өзгерістер енгізіп, әлеуметтік-экономикалық жағдайды жақсартты. Бірақ Египет пен Тунис революцияның идеалды үлгісі ретінде, ал Ливия мен Сирия тұрақсыздықтың үлгісі ретінде үнемі БАҚ назарында болды. Араб көктемі ақпараттық технологиялардың, оның ішінде әлеуметтік желілердің күтпеген жағдайда және үлкен соққымен әрекет ететінін көрсетті. Ғылым-техниканың дамуына байланысты ақпараттық технологиялар мемлекеттің ақпарат саласын басқаруда әлдеқайда озып өтті және мемлекет тарапы ақпараттық технологиялардың мүмкіндіктеріне дұрыс баға бермеді. Сонымен қатар көтерілістердің жылдамдығы және әлеуметтік ғылымдардың зерттеу ортасының болмауы да үлкен себепші болды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Подцероб А.Б. Арабская смута: роль пропаганды и современных информационных технологий. – 24 қыркүйек 2012 жыл. <http://www.iimes.ru/?p=15619>
2. Цирель С.В. Революции, волны революций и арабская весна. —2011 жыл. – 153 б.
4. Къеза Дж., Кабрас П. Глобальная матрица. - Москва, 2012 жыл. – 202 б.
5. Assange: Facebook, Google, Yahoo spying tools for US intelligence. <https://www.youtube.com/watch?v=Hp8rJVWC2a0>
6. Mikael Eriksson, Ulrik Franke, Magdalena Granasen, David Lindahl. Social media and ICT

during the Arab Spring. – 2013 жыл. – 20 б.

7. Internet enemies report 2012. Reporters Without Borders, March 2012.

УДК 339.5

«ВЛИЯНИЕ НА ПАДЕНИЕ ЭКОНОМИКИ КАЗАХСТАН ПОПРАВК О СВОБОДНОЙ КУПЛИ - ПРОДАЖИ И ПЕРЕОФОРМЛЕНИИ ТРАНСПОРТНЫХ СРЕДСТВ ВНУТРИ ПЛОЩАДКИ СТРАН ЕАЭС»

Байматов Темирлан

to-12.2016@mail.ru

Студентка кафедры международных отношений, факультета международных отношений
ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Научный руководитель – Б. Батишева.

В январе 2015 года в Казахстане были сняты ограничения по годам выпуска и соответствию экологическим нормам Евро-4 для машин, ввозимых с территории стран ЕАЭС. Под запретом оставались лишь праворульные автомобили. Поток недорогих подержанных железных коней сразу же хлынул в РК, в то время как продажи отечественных машин изрядно упали. Чиновники из Министерства по инвестициям и развитию РК и предприниматели из АКАБ пытались по-своему повлиять на ситуацию, публикуя сомнительные пресс-релизы, но запретить свободный ввоз российских и белорусских машин до поры до времени не могли.

Ограничения закрепляет и пункт 5 приложения «Допустимые конструктивные параметры автотранспортных средств категории М1, предназначенных для первичной регистрации в Республике Казахстан».

Новшества вступили в силу с 1 января нового года одновременно с началом действия договора о Евразийском экономическом союзе и Технического регламента Таможенного союза "О безопасности колесных транспортных средств". Эти межгосударственные документы отменили действовавшие ранее национальные регламенты, в том числе казахстанские. Речь, в частности, идет о нашем отечественном документе под названием "О требованиях к выбросам вредных (загрязняющих) веществ автотранспортных средств, выпускаемых в обращение на территории Республики Казахстан", который в одном из дополнений запрещал в Казахстане выпуск в обращение машин, не соответствующих экостандарту Евро-4. Таким образом, перемещение автомобилей в границах ЕАЭС больше не регламентируется, соответственно ограничений по годам и экологическому классу для постановки на учет машин из России и Беларуси отныне нет. Требование соответствия экостандарту Евро-4 сохраняется только на ввоз автомобилей из стран, не входящих в Евразийский экономический союз. Кроме этого, ввозимые в ЕАЭС автомашины должны быть не старше 2007 года, укомплектованы как минимум одной фронтальной подушкой безопасности, системой крепления для детских сидений, ABS (антиблокировочной тормозной системой), дневными ходовыми огнями и иммобилайзером. При этом у автомобилей должны находиться в работоспособном состоянии системы нейтрализации отработавших газов и бортовой диагностики (в отношении экологических показателей). Сотрудники Комитета административной полиции МВД Казахстана уже разослали в регионы разъяснения для своих коллег, трактующие новые нормы [1]. С полным текстом документа можно ознакомиться здесь. В Комитете технического регулирования и метрологии Министерства по инвестициям и развитию Казахстана подтвердили изданию информацию о том, что запретов на ввоз и постановку на учет российских и белорусских авто по годам теперь не существует. Также, как сообщалось ранее, с 1 января при покупке транспортного средства в странах Евразийского союза уже не нужно оплачивать НДС и акцизные сборы. Впрочем, как передает телеканал 24.kz, у некоторых автовладельцев